

**Балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының
2006-2008 ж.т оқушыларының ұлдар, қыздар арасында (баскетбол 3x3,
жазғы Президенттік көпсайыс, шатырлы лагерь, асық ату, бес асық,
шахмат, үстел теннисі, жағажай волейболы, шағын футбол, мектеп
туризмінен) облыстық біріншіліктің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Мақсаты мен міндеттері

- Балаларды дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- балаларды темекі шегу, ішімдік ішу, нашақорлық балалар-жасөспірімдер қылмысы, діни экстремизм сияқты зиянды әдеттерден спорт арқылы көңілін аудару;
- балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының арасында командалық ойындардың деңгейін көтеру

2. Өткізу орны және мерзімі

Облыстық біріншілік 202_ жылдың _ маусым – _ тамыз күндері аралығында Атырау қаласында өтеді. Командалардың келу күні, мандаттық комиссия _ маусым күні сағат 15.00-де Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының ғимаратында өтеді.

3. Жарысты өткізу және ұйымдастыру

Облыстық біріншілікті басқаруды Атырау облысы Білім беру басқармасы, Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы жүзеге асырады. Байланыс факс/телефоны: (87122 27-12-10) e-mail: arcfks_2002@mail.ru.

Облыстық біріншілікті I, II және III кезеңдерін аудандық, қалалық білім бөлімдері, ақтық жарысты Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы өткізеді. Бас төрешілер алқасын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы (бұдан әрі - ААДТЖСДО) бекітеді.

Жарыс кезінде ереже негіздерімен шешу мүмкін болмайтын қиындықтар туындаған жағдайда, ұйымдастырушы мекеме осыған сәйкес шешім қабылдап, бекітуге құқылы.

Облыстық біріншілікке балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының оқушылары қатыса алады. Әр спорт түрі бойынша өтінім, оқушының жеке анықтамасы, жеке басын куәландыратын құжаты және балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарына қабылданғаны туралы бұйрығының көшірмесі міндеттеледі. Команданың өтініміне ойыншының тегі, бір өкіл, жаттықтырушы жазылады. Облыстық біріншілікке қатысушылардың

бірдей спорттық киімі және нөмері болуы керек. Жалпы командалық біріншіліктің көрсеткіштері спорт түрлерінің жинаған ұпай санымен есептеледі.

Ескерту: Команда құрамы түгел болмаса жарысқа жіберілмейді.

Осы аталған құжаттардың ішінде жалған құжатпен ойнаған команда анықталса, команда соңғы орынға жіберіледі.

р/с	Спорт түрлері	Қатысушылар		Жаттықтырушы	Өкіл	Барлығы
		ұл	қыз			
1	Баскетбол 3x3	4	4	1	1	10
2	Шағын футбол	12	12	2	1	27
3	Шахмат	3	3	1	1	8
4	Үстел теннисі	3	3	1	1	8
5	Мектеп туризмінен	5	5	1	1	12
6	Асық ату	3		1	1	9
7	Бес асық		3	1		
8	Жағажай волейболы	2	2	1	1	6
9	Шатырлық лагер	5	5	1	1	12
10	Жазғы Президенттік көпсайыс	4	4	1	1	10
Барлығы		41	41	11	9	102

БАСКЕТБОЛ 3X3

Команда құрамы:

Спортшылар: 8

ұлдар: 4

қыздар: 4

Жаттықтырушылар: 1

Төреші: 1

Өтетін орны, уақыты:

Жарыс ФИБА халықаралық ережелерге сәйкес өткізіледі.

Жеңіске жеткен команда – 2 ұпай, жеңілген командаға – 1 ұпай, команда келмеген жағдайда – 0.

Егер жарыс қорытындысында екі немесе одан да көп команда бірдей мөлшерде ұпай жинаған болса, онда орындар өзара ойын нәтижесі бойынша кіргізген

және соғылған доптардың ең жақсы айырмашылықтарына байланысты, барлық жарыста ең көп кіргізген және соғылған доп санына байланысты анықталады. Жарыста ұлдар, қыздар бөлек ойнатылады.

- Ойыншының туу туралы куәлік немесе жеке куәлік болуы қажет.
- Толық жеке жауапкершілікті өзіне алып, оқитын мектебінен суретіне мөр басып, құжаттардың түпнұсқасын растап қолы қойылған мектеп директорының анықтамасы болуы тиіс.
- Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің қатысушыларды іссапарға жіберу туралы бұйрығы болуы керек.

Жоғарыдағы атаулы құжаттары жоқ командалар облыстық кезеңіне қатысуға жіберілмейді.

Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың қорытынды есебі ААДТЖСДО беріледі.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Команда құрамы:

Барлығы:	8
Спортшылар:	
ұлдар :	3
қыздар:	3
Жаттықтырушы:	1
Төреші:	1
Өтетін орын, уақыты:	

Жарыс Халықаралық ережелерге сәйкес өткізіледі. Командалық жарыстар ұлдарға бөлек, қыздарға бөлек өткізіледі. Командалық ойын 5 жеке кездесулерден 3 жеңіске дейін анықталады: А-Х В-Ү С-2 В-Х А-Ү

Командалар 3 кіші топқа бөлініп, айналым жүйесі арқылы ойнайды. Өз кіші топтарында 1-2 орын алған командалар топ құрып, әрі қарай 1-8 орындарға ойнайды, 3-4 орын алғандар 9-16 орындар үшін ойнайды.

- Ойыншының туу туралы куәлік немесе жеке куәлік болуы қажет.
- Толық жеке жауапкершілікті өзіне алып, оқитын мектебінен суретіне мөр басып, құжаттардың түпнұсқасын растап қолы қойылған мектеп директорының анықтамасы болуы тиіс.
- Қалалық, аудандық білім бөлімдерінің қатысушыларды іссапарға жіберу туралы бұйрығы болуы керек.

Жоғарыдағы атаулы құжаттары жоқ командалар облыстық кезеңіне қатысуға жіберілмейді.

Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың қорытынды есебі ААДТЖСДО беріледі.

ЖЕКЕ ОЙЫНДАР

Барлық қатысушылар кіші топтарға бөліну арқылы мықты ойыншылар іріктеліп “айналма”жүйесі арқылы 11 ұпайға дейін 5 партия ойнайды. Ақтық ойынға 24 ойыншы шығады.

1 орыннан 8 орынға дейін орындарды анықтау арқылы ақтық ойындар өткізіледі.

ЖҰПТЫҚ ЖӘНЕ АРАЛАС ЖАРЫСТАР

Жарыс 1 орыннан 8 орынға дейін орындарды анықтау, жеңілген команданың ойыннан шығуы арқылы өткізіледі. 5 партия 11 ұпайға дейін ойнайды.

Командалық, жеке және жұптық жарыстары жеребе арқылы өткізіледі. Команда жарысқа келмей қалған жағдайда жарыстың өткізілу ережесі Бас төрешілер алқасының шешімімен өзгертілуі мүмкін.

Жалпыкомандалық біріншілік 1 орыннан 8 орынға дейін орындарды анықтау және жеке, жұптық, командалық жарыстарда жинаған ұпай сандарына байланысты анықталады.

Шахмат

(ұлдар, қыздар)

Команда құрамы:	8
Барлығы:	
ұлдар:	3
қыздар:	3
Жаттықтырушылар:	1
Төреші:	1

Жарыс ұлдармен, қыздармен бірлесіп өткізіледі.

Алдын - ала кіші топтарда ойнаған 1-2 орын алған команда бірінші ақтық топ құрып, 1 орыннан 8 орынға дейінгі орындарға ойнайды.

3-4 орын алған командалар екінші ақтық топ құрып, 9 орыннан 16 орынға дейінгі орындарға ойнайды.

Командалық орындар ең үлкен ұпай санына байланысты 1-8 орынға дейін анықталады.

Талапқа сай алдыңғы өткен жарыстың қорытынды есебі ААДТЖСДО беріледі.

КІШІ АЯҚ ДОБЫ

Команда құрамы:	27
Барлығы:	
ұлдар:	12
қыздар:	12
Жаттықтырушылар:	2

1. Жарысқа қатысушылар мен өткізілу тәртібі

2006-2008 жылы туған жас ерекшелік арасында жалпы білім беретін балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарның құрама командалары қатысады:

Барлық кезеңі ұпай санына байланысты анықталады, барлық жарыс кезеңінде ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады. Ойында жеңіске жеткен командаға – 3 ұпай, тең ойынға – 1 ұпай, жеңіліске – 0 ұпай беріледі. Егер жарыс қорытындысында екі немесе одан да көп команда бірдей мөлшерде ұпай жинаған болса, онда орындар төмендегі көрсеткіштерге байланысты анықталады:

- Барлық жарыс ең жоғары сандық ұпай бойынша
- Өзара ойын нәтижесі бойынша
- Барлық жарыста кіргізген және соғылған доптардың ең жақсы айырмашылықтарына байланысты
- Барлық жарыста ең көп соғылған доп санына байланысты

Егер жарыстың негізгі уақыты тең аяқталған жағдайда, онда жеңімпаз мини футбол ойыны ережесіне сәйкес, айып добын соғу топтамасы арқылы анықталады.

1.1.Облыстық жарысқа келген ойыншылар тәртібіне жауапкершілік жаттықтырушылар мен команда өкілдеріне жүктеледі.

1.2.Ойыншылар командасы тәртіп бұзып, ойынды болдырмауға әкеліп соқтырса, мұндай кезде команда кінәлі болып табылса, төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде айып добы қосылады, ал қарсылас команда есебіне 3-0 жеңіс есебі қосылады.

1.3.Жарысқа дәлелді себепсіз келмей қалған командаға төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде айып добы қосылады, қарсылас командаға 3-0 жеңіс есебі қосылады. Жарысқа дәлелді себепсіз қайтадан келмей қалған жағдайда, төрешілер алқасының шешімімен қатысушылар құрамынан шығарылып тасталады. Егер шығарылған команда жарысты жартыдан аз өткен болса, онда оның нәтижесі жойылады. Егер жартылай және одан көп жарысты өткен болса, онда ол командаға жарыстың қалған 0-3 есебінде айып добы қосылады, ал қарсылас командаға 3-0 есебіндегі жеңіске үкім шығарылады.

1.4.Жарысқа қатысушы белгіленген тәртіп бойынша тіркелмеген немесе футболшы біліксіздігінен айырылған жағдайда, командаға төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебінде айып добы қосылады, ал қарсылас командаға 3-0 есебіндегі жеңіске үкім шығарылады.

1.5.Ойыншы өтіп жатқан уақытта ескерту алған жағдайда, автоматты (шешім шығарылмастан) түрде біліктілігі төмендетіліп, келесі бір ойынға жіберілмейді.

1.6.Алаңнан шығарылған ойыншы автоматты түрде келесі бір ойынға жіберілмейді. Барлық ойыншыларды ойыннан шығаруды төрешілер алқасы қарастырады.

1.7.Төрешілер алқасының барлық шешімдері бойынша шешім шығарған күннен бастап күнтізбелік 1 күн ішінде ТБК - (*тәртіп бақылау комитеті*) не жасалған шағымдарды түсіруге болады.

Жағажай волейболы

Команда құрамы:

Барлығы:	6
ұлдар:	2
қыздар:	2
Жаттықтырушылар:	1
Өкіл:	1

2006-2008 жылы туған ұлдар, қыздар арасында жалпы білім беретін балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарның құрама командалары қатысады:

Жарыс Халықаралық FIVB федерациясының ережелері бойынша өтеді. Қатысушы командалардың санына байланысты, командалар жеребе арқылы кіші топтарға бөлінеді. Жарыстың ақтық ойынын өткізу төрешілер алқасының отырысында анықталады. Жеңіске жеткен команда -2 ұпай, жеңіліс -1 ұпай, ойыннан бас тарту, келмеу, жарыс ережелерін бұзғаны үшін - 0 ұпай беріледі.

Орындарды анықтау:

Итальяндық жүйемен:

Ұтыс есебі 3:0 не 3:1 3 ұпай

Ұтылыс есебі 0:3 не 1:3 0 ұпай

Ұтыс есебі 3:2 2 ұпай

Ұтылыс есебі 2:3 1 ұпай

Ойыннан бас тарту, келмеу және жарыс ережелерін өрескел бұзу – 0 ұпай + айыппұл санкциялары.

Байланыс телефондары:

Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығы – Атырау қаласы, Әйтеке би 22, тел/факс: 8/7122/27-12-10, электронды почта: arcfks_2002@mail.ru.

Волейболдан бас төреші – Досақаев Оңғарбек 8775 560 14 76

Мектеп туризмі

Мақсаттары мен міндеттері:

- мектеп жанындағы туризм үйірмелерінің жұмыстарын жандандыру;
- туризм арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы туризмді насихаттау;
- оқушылардың туризм бағыттындағы білім деңгейлерін дамыту және спорттық шеберліктерін шыңдау;
- оқушыларға салауатты өмір-заман талабы екенін түсіндіру;
- өркениетті елімізге лайықты, зиянды әдеттерге қарсы күресетін білімді ұрпақ тәрбиелеу;

Өткізілу орны және уақыты:

Балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының оқушылары арасында мектеп туризмі 202_ жылдың маусым күндері Махамбет ауданы, Талқайран тоғайында өтеді. Командалардың келу күні: _ маусым күні мандаттық комиссия Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығында сағат 15:00 де. (Ескерту: мандаттық комиссияға келмеген команда жарысқа қатыстырылмайды)

Жарысқа қатысушыларға қойылатын талаптар және сұраныс:

Облыстық біріншілікке балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының оқушыларының 2006-2008 ж.т. ұлдар, қыздар қатысады. Команда құрамында 5 ер бала, 5 қыз, 1 жетекші, 1 медициналық қызметкер болуы керек.

Дәрігер куәландырылған және жорыққа қатысу сұраныстары өтетін орынға келген соң ұйымдастыру алқасына тапсырылады.

Команды жабдықтары: 10 компас, сағат, 10 шарикті қалам, плакаттар, шаруашылық құралдары және гигиеналық жабдықтар.

Қатысушы топтарды туристік жарысқа қажетті топтық және жеке туристік құрал- саймандармен жіберуші жақ қамтамасыз етеді.

Әр топқа қажетті құрал-саймандар:

негізгі жіп – 3 дана x 40 м;

карабиндер – 30 дана;

мұрттары бар сақтандыру жүйелері – 6 топтама;

медициналық қорапша - 1 дана;

рюкзактар – 6 дана;

нөмірленген каскалар – 6 дана;

компастар – 6 дана;
жюмар – 6 дана;
брезент қолғаптар – топқа;
түсу элементтері – топқа;
сақтандыру жүйесі үшін қолданылатын арқан негізгі болуы тиіс, диаметрі – 10 мм-ден кем емес.

Қатысушылар топтың қалауы бойынша өздерімен бірге қосымша құрал-саймандарды әкелуге және қолдануға құқығы бар.

Жарыстың бағдарламасы.

Жарыс екі кезеңнен тұрады:

1. Туртехника бағдарламасы;
2. Тұсбағдардың (компас) көмегімен бағдарлау.

Жарыс екі кезеңнің нәтижесін қосып, қорытындыланады.

1. Жарыстың туристік техникасының бағдарламасы

1. Теңіз байламы жіпті түйіндеу.
2. Тапографиялық белгілер.
3. Тасты өткілден өту.
4. Кедергі астымен жорғалап өту.
5. Судың үстіндегі керілген арқан мостан өту.
6. Судың үстіндегі керілген арқаннан өрмелеу.
7. Кедергілер жолағыннан аттап өту.
8. Ағашқа байланған арқанның көмегімен бөгеттің үстінен секіру
9. Бөрененің үстімен жүгіріп өту.
10. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
11. Шатырды құрастыру және шатырды жинау.
12. Рюкзакқа құрал-жабдықтарды жинау.

2. Бағдарлау

1. Карта немесе тұсбағдардың (компас) көмегі бойынша бағдарлау.

Құрамы 3x3

Жасөспірімдерге арналған қашықтық -5 км, қыздарға -3 км

БП нүктелерінің саны жасөспірімдерге-10 БП, қыздарға-7 БП

ЖТтығулар арасындағы аралық уақыты 2 мин.

Жарыстан тыс келесі сайыстар болады:

- 1) «Үздік зерттеуші» әр команды өздері қалаған жерінің тарихы, табиғаты, ерекшелігі туралы зерттеу жұмысын қорғайды. Презентация слайд, бейнежазба, фотоальбом түрінде қорғалады;
- 2) «Үздік шатыр» шатырлық лагердің талапқа сай жабдықталуы;
- 3) «Үздік қабырға газеті» ерекше мағыналы қияли суреті үшін;
- 4) «Үздік аспазшы» ерекше дәмді тағам дайындағаны үшін;
- 5) «Үздік ән» патриоттық тақырыптағы әні үшін;
- 6) «Үздік бағдарлаушы» табиғи құбылыстарға қарап, бағдарлағаны үшін. Аталған номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады.

АСЫҚ АТУ БЕС АСЫҚ (ұлдар, қыздар)

Команда құрамы:

Барлығы	6
Спортшылар : ұлдар	3
қыздар	3
Жаттықтырушы	1
Төреші	1

Келу күні:

Өтетін күні, орны:

2006-2008 жылы туған жас ерекшелік арасында жалпы білім беретін балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының құрама командалары қатысады:

Жарыс 2011 жылы Туризм және спорт Министрлігінің және Ұлттық ойын түрлері Ассоциациясының “**Бес табан**”- ұлдар үшін, “**Бес асық**”(қақпақыл)-қыздар үшін бекітілген ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Жазғы Президенттік көпсайыс

Команда құрамы:

Барлығы:	10
Спортшылар	8
ұлдар :	4

қыздар: 4
Жаттықтырушылар: 1
Өкіл: 1

Өтетін уақыты, орны:

2006-2008 жылы туған жас ерекшелік арасында жалпы білім беретін балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының құрама командалары қатысады:

Жазғы Президенттік көпсайыс жарысы жеке-командалық түрде өткізіледі. Жеке жеңімпаздар жазғы Президенттік көпсайыстың бағалау қорытындысының кестесіне сәйкес жинаған жоғары ұпай сандарына байланысты анықталады. Командалық жеңімпаздар командадағы сегіз қатысушылардың барлығы жоғары ұпай жинаған жағдайда ғана анықталады.

Балалар жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының 2006-2008 жылы туған ұлдар, қыздар арасындағы әскери-патриоттық клубтарының шатырлық лагері

Өткізу орны және уақыты

Әскери-патриоттық клубтарының облыстық шатырлық лагері 202_ жылы тамыз күндері Талқайран тоғайында өтеді. Командалардың келу күні: 4 тамыз күні мандаттық комиссия Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығында сағат 15:00 де.

(Ескерту: мандаттық комиссияға келмеген команда жарысқа қатыстырылмайды)

Қатысушыларға қойылатын талаптар

Облыстық шатырлық лагеріне қала, аудандардың 7-10 сынып мектеп оқушыларының құрама командалары қатысады. Команда құрамында 4 адам (2 ер бала + 2 қыз бала), 1 өкіл, 1 мұғалім-жаттықтырушы болуы керек.

Дәрігер куәландырылған анықтама мен шатырлық лагерге қатысу өтініштері өтетін орынға келген соң ұйымдастыру алқасына тапсырылады.

Жарысты өткізуге басшылық және ұйымдастыру

Облыстық шатырлық лагерінің өтуіне жалпы басқаруды Облыстық білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы жүзеге асырады.

Қатысушыларды құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Әр команда өз көліктерімен келуі керек. Қатысушы әр команда өз құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Әр команданың эмблемасы мен арнаулы әскери киімі болуы керек.

Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің Облыстық шатырлық лагерьге аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша облыстық шатырлық лагерьге қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың атауы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) барлық қатысушылар мен топ жетекшілерінің жеке басын куәландіретін құжаттарының көшірмесі;

4) дәрігердің қолы және мөрімен расталған, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы анықтамасы;

5) фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама;

6) топтың сақтандыру полисі;

7) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

8) қатысушылардың ата-аналарының сенімхаттары.

10) Әрбір команда дәріхана қорапшасын алып келуі тиіс.

Команданың жабдықтары 6 компас, сағат, 10 шарикті қалам, палаткалар, шаруашылық құралдар және гигиеналық жабдықтар пневматикалық мылтық, автомат, ОЗК. Қатысушы топтарды шатырлық лагерьге қажетті топтық және жеке құрал-саймандармен жіберуші жақ қамтамасыз етеді.

Әр топқа қажетті құрал-саймандар:

негізгіжіп

карабиндер

мұрттары бар сақтандыружүйелері

медициналық қорапша

рюкзактар

нөмірленгенкаскалар

компастар

жюмар

брезент қолғаптар

түсуэлементтері

сақтандыру жүйесі үшін қолданылатын арқан негізгі болуы тиіс, диаметрі – 10 мм-ден кем емес.

Қатысушылар топтың қалауы бойынша өздерімен бірге қосымша құрал-саймандарды әкелуге және қолдануға құқығы бар

Жарыстың бағдарламасы.

Жарыс үш кезеңнен тұрады:

3. Туртехника бағдарламасы;
4. Тұсбағдардың (компас) көмегімен бағдарлау.
5. Әскери қолданбалы спорт түрлері;

Жарыс үш кезеңнің нәтижесін қосып, қорытындыланады.

1. Жарыстың туристік техникасының бағдарламасы

1. Теңіз байламы жіпті түйіндеу.
2. Әскери тапографиялық белгілер.
3. Тасты өткілден өту.
4. Кедергі астымен жорғалап өту.
5. Судың үстіндегі керілген арқан мостан өту.
6. Судың үстіндегі керілген арқаннан өрмелеу.
7. Кедергілер жолағыннан аттап өту.
8. Ағашқа байланған арқанның көмегімен бөгеттің үстінен секіру
9. Бөрененің үстімен жүгіріп өту.
10. Алғашқы медициналық көмек көрсету.

2. Бағдарлау

1. Карта немесе тұсбағдардың (компас) көмегі бойынша бағдарлау (Құрамы 2x2)

3. Әскери қолданбалы спорт түрлері

1. АК-74 қаруын бөлшектеу және жинақтау (1 ұл + 1 қыз)
2. Плащ түрінде жалпы әскери қорғаныс толығын кигізу және ғазқағарды кию (1 ұл-1 қыз)
3. Арқаға жатып денені көтеру (2 қыз)
4. Оқжатарды жинақтау (1 ұл + 1 қыз)
5. Пневматикалық қарудан оқ ату мишен №8 (2 ұл + 2 қыз)
6. Қол гранатасын лақтыру 500 гр (2 ұл + 2 қыз)
7. Автоматтан жатып ату үшін жеке оқпана қазу -175 см, ені-60 см, тереңдігі-30 см ордан және 30 см дейінгі биіктіктегі топырақ қалқадан тұрады. (2 ұл)

Қаржы шығындары

Облыстық шатырлық лагеріне қатысушы командалардың іссапарына қажетті шығындары (жол шығыны, тамақ т.б.) жіберуші мекеме есебінен төленетіндігі ескерілсін. Жеңімпаздар мен жүлдегелер сәйкесті дәрежедегі диплом, медальдармен марапаттау Атырау аймақтық дене тәрбиесі дамыту орталығы есебінен.

Қатысушылар тізімі

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқандағы қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы

4. Қаржы жағдайы

4.1. Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығына жүктеледі:

- төрешілер алқасына, дәрігерлік және облыстық жарыстың салтанатты ашылуы мен жабылуын өткізу;
- медальдар, кубоктар, банер, лозунг шығындары.

4.3. Командаларды, жаттықтырушыларды, команда өкілі, төреші мен спортшыларды іссапарға жіберуге байланысты (тұратын орны, тамағы, тәуліктік жол шығыны, бару, қайту жолы) шығыны іссапарға жіберуші мекеме тарапына төленеді.

5. Марапаттау

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерін сәйкес кубоктармен, дипломдар және медальдармен марапатталады.

6. Байланыс телефондары:

6.1. Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығы – Атырау қаласы, Әйтеке би 22, тел/факс: +7 (7122) 27-12-10, электронды пошта: arcfks_2002@mail.ru.

Өтініш қағазы

Мезгілі _____ жыл

Команда: _____

№	Т.А.Ә.	Туған күні, айы, жылы	Спорттық атағы	Командада а қай жылдан бері	Бойы	Салмағы	Ойын амплуасы	Ойыншының қолы	Дәрігердің бұрыштам асы мен мөрі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Дәрігер _____ (қолы)

Бөлім басшысы (Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

« _____ » _____ 202_ж

Команданы алып жүруші тұлға мен төреші, жаттықтырушылар құрамы

№	Т.А.Ә.	Туған күні, айы, жылы	Қызметі	Білімі атағы, дәрежесі	Қай уақыттан бері командамен жұмыс істейді?	Мекенжайы	Жұмыс, үй, ұялы телефоны	Жаттықтырушының қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

М.О.


Дәрігер (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

Бөлім басшысы (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

« _____ » _____ 202_ж

Өтініш компьютерде терілген болуы тиіс

ЖЕКЕ КАРТОЧКА



Спорт түрі _____

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны, сыныбы _____

Мектеп директоры _____

(А.Т.Ә., қолы)